КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 7 қараша № 5165-25-00-2/2290 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова
сот отырысының хатшысы М.М.Бейсекееваның хатшылығында,
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдалана отырып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қоры

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.А.Бекхожаев
талап қоюшы өкілі А.Оспан
жауапкер өкілі А.А.Сапаралы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай – талап қоюшы, тапсырыс беруші) 2025 жылғы 19 наурызда «Жасыл ел» жобасын іске асыру» № 14326589ГСЗ-1 конкурс (әрі қарай - Конкурс) жарияланған.

Конкурсқа жеті әлеуетті жеткізуші қатысып, 2025 жылғы 7 сәуірдегі қорытынды хаттамаға сәйкес лот бойынша жеңімпаз болып «Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қоры (әрі қарай – жауапкер, өнім беруші) танылған.

2025 жылғы 21 сәуір күні талап қоюшы мен жауапкер арасында № 36 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі қарай - шарт) жасалды.

Шартқа және оған № 2 қосымшасына сай жауапкер мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру өткізу бойынша қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, оны жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқанынмен негіздеп,

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 7 507 532 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруду сұраған.

Істі қарау барысында талап қоюшы талап қою талаптарының мөлшерін азайтып 2 565 511,50 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруді сұрап, кейіннен бұл талапты қолдамайтыны туралы арыз келтірген.

Жауапкер талап қоюға жазбаша пікір, оған қосымша келтіріп, талап қоюмен келіспей, шарттың талаптарын орындау мүмкін болмағандықтан, шартты бұзу туралы хабарлама жолданғанын, сонымен бірге талап қоюшы талап қою мерзімін сақтамағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Жауапкер қарсы талап қою мәлімдеп, шартты жарамсыз деп тануды сұрап, талабын шарт заң талаптары бұзыла отырып жасалғанымен негіздеген.

Істі қарау барысында, жауапкер қарсы талап қоюды қараусыз қалдыруды сұрап, сотқа жазбаша арыз келтірген.

Талап қоюшы өкілі А.Оспан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қолдап, қанағаттандыруды, ал жауапкерден тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын қолдамай, оны қараусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер өкілі А.А.Сапаралы талап қоюшының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын қанағаттандырусыз қалдырып, ал талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын және қарсы талап қоюды қараусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандыруға, тұрақсыздық айыппұл өндіру талабы және қарсы талап қоюшының шартты жарамсыз деп тану талабы қараусыз қалдыруға жататындығы жайлы қорытынды берді.

Соттың 2025 жылғы 7 қарашадағы ұйғарымымен талап қоюшының жауапкерден 2 656 512 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы және қарсы талап қоюшы «Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қорының жауапкер «Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесіне шартты жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 279-бабының 8)-тармақшасына сәйкес қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының (әрі қарай - Заң) 8-бабының 4-

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Бейсембекова Д. А., 22.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 17-бабының 4-тармағына сәйкес шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай Шарт 2025 жылдың 21 сәуірден бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарттың талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшада көрсетілген шартқа, талапқа сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндеттенеді.

Шартың қосымшасымен қамтылған шартқа сай жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап техникалық ерекшелікке сәйкес 2025 жылы ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру аясында іс-шараларды ұйымдастыру өткізу бойынша қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Сотта анықталғандай, жауапкер 2025 жылғы 19 маусым күні талап қоюшыға Шартта көрсетілген міндеттемелерін орындаудан бас тартып шартты бұзу туралы ресми түрде хабарлаған.

Жауапкер өкілі бұл мәнжайды сот отырысында жоққа шығармады.

Талап қоюшы жауапкердің 2025 жылғы 19 маусымдағы шартты орандаудан бас тарту туралы хабарламаның негізінде 2025 жылғы 24 маусымда шартты біржақты тәртіппен бұзған.

2025 жылғы 17 шілде күні талап қоюшы Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюмен жүгінген.

Бұл жағдайда, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды және негізді деп табады.

Сот жауапкердің талап қоюшы талап қою мерзімін өткізіп алған деген уәжін негізсіз деп санайды, өйткені талап қоюшы шартты бұзғаннан кейін осы талаппен Заңда көзделген бір ай мерзім ішінде сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Бейсембекова Д. А., 22.12.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер АПК-нің 72-бабына сәйкес талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын, ал өзінің уәждерін растайтын объективті дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

АПК-нің 73-бабына сәйкес тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қорын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қоры мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Jastar Ruhy» Shymkent қоғамдық қорынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 19.12.2025, судья Бейсембекова Д. А., 22.12.2025